

*Осы құжаттағы «Компания» немесе «ERG» терминдері Eurasian Resources Group S.a.r.l. білдіреді және өзіне барлық еншілес компанияларды, бақыланатын тұлғалар мен бірлескен кәсіпорындарды қамтиды.*

## **КОРПОРАТИВТІК ТӘРТІП КОДЕКСІ\***

### **Біздің құндылықтар**

ERG-дің мақсаты - бизнесті қоршаған ортаны қорғауға деген қамқорлығын, қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайларына кепілдік беруін, сонымен бірге, Компания өзінің қызметін жүзеге асыратын жергілікті қоғамдастықтардың дамуына оң үлес қосуын сақтай отырып дамыту болып табылады.

ERG құндылықтары негізіндегі басты қағидаттар:

#### **Командалық жұмыс**

ERG қызметкерлеріне өкілеттікті, жауапкершілік пен сыйақыны үлестіре отырып, жұмысты бірлесіп тиімді жасау мүмкіндігін беру.

#### **Сапа**

Жоғары кәсіптік стандарттарға сәйкес өнім өндіру.

#### **Адалдық және іскерлік этика қағидаттарын сақтау**

Этиканы қатаң сақтау және коммерциялық қызметті бірыңғай сенім мәдениеті, айқындылық пен шынайылық шеңберінде ашық жүргізу тәжірибесін қолдану.

#### **Серіктестік**

Басты серіктестермен ұзақ мерзімді стратегиялық одақтар құру.

#### **Тұрақты даму**

Операциялық қызметтің ұзақ мерзімді ықпалын бақылау.

### **Міндеттемелер мен жауапкершілік туралы мәлімдеме**

ERG менеджерлер Кеңесі Компанияның құндылықтары мен адалдық мәдениетіне, және ERG Тобының барлық бөлімшелеріндегі парақорлық пен сыбайлас жемқорлықтың, қиянатшыл мінез-құлықтың ешқандай түрін қабылдамауға шынайы түрде қолдау көрсетеді.

Eurasian Resources Group өзінің қызметін жүзеге асыру барысында ұстанатын негізгі қағидаты, Компания қызметінің барлық түрлерінің қолданылатын барлық заңдар мен нормаларға және іскерлік мінез-құлықтың жоғары этикалық стандарттарына сәйкес келуін қамтамасыз етуден тұрады. Ол үшін ERG компаниясы халықаралық корпоративтік тәртіп Кодексі (бұдан әрі – «Кодекс») әзірледі, ал директорлар Кеңесі оны бекітті.

Компанияның барлық қызметкерлері мен басшылары үшін іскерлік мінез-құлық қағидаттары міндетті болып табылады. Сол сияқты, директорлар Кеңесінің мүшелері де берілген қағидаттарды тиісті жағдайларда сақтауға міндетті.

### **Басшылардың міндеттері**

ERG басшылары іскерлік мінез-құлықтың жоғары этикалық стандарттарын енгізуге және қолдауға міндетті. Басшылар өздерінің жеке бастары үлгілерінде заңнаманы және ERG-дің этикалық қағидаттарын мүлтіксіз сақтауға деген ұмтылыстарын көрсету керек. Компания басшылығының міндетіне сондай-ақ, әлеуетті мәселелерді, бұзушылықтарды, олқылықтар мен қайшылықтарды шұғыл анықтауға, және алдын алуға және оларға тиімді әрекет етуге мүмкіндік беретін коммерциялық тәуекелдерді басқару жүйесін құру кіреді.

*\* Данный текст является переводом и в случае каких-либо разногласий в толкованиях, превагирует русская и/или английская версии документа.*

### **Қызметкерлердің міндеттері**

ERG-дің әрбір қызметкері осы Кодекспен танысуға және оның ережелерін сақтауға, сондай-ақ, оны енгізуге ат салысып, және осы Кодекстің ережелерін сақтамаған әлеуетті жағдайлар жөнінде кідірместен хабарлауға міндетті.

### **ERG және оның серіктестері**

ERG жоғары этикалық және нормативтік-құқықтық стандарттарды ұстанады, және тиісінше, өзінің іскер серіктестерінен, қосалқы мердігерлерінен, агенттері мен жеткізушілерінен қолданылатын заңдар мен нормаларды сақтауды талап етеді. ERG өз серіктестерінің заңдарды және нормаларды сақтауын бақылауға және өз серіктестері іс-әрекеттерінің этикаға сәйкестілігіне күмән келтірген жағдайда, бұзушылықтарды жою бойынша барлық қажетті шараларды кідірместен қолдануға міндеттенеді.

**ERG корпоративтік тәртіп Кодексінің қысқаша мазмұны**

<b>Тақырыбы</b>	<b>Негізгі қағидат</b>
1. Негізге алынатын қағидаттар	Басшылар, қызметкерлер және агенттер Компанияның мүддесін барынша ескеріп әрекет жасауға, өз міндеттерін адал орындауға міндетті.
2. Заңдарды, қағидалар мен нормаларды сақтау	Қызметкерлер барлық қолданылатын заңдарды, Кодекс ережелерін, сондай-ақ Компанияның саясаттары мен рәсімдерін сақтауға міндетті.
3. Қызметке алу кезінде кемсітушіліктің болмауы	Қызметкерлермен қарым-қатынас қолданыстағы еңбек заңнамасына толық сәйкес келу керек
4. Еңбекті қорғау, өнеркәсіп қауіпсіздігі және экология	ERG қауіпсіз еңбек жағдайларымен қамтамасыз етуге, және өзінің қызметі жүзеге асырылатын өңірлердегі тұрғындарға және қоршаған ортаға мүмкіндігінше, теріс ықпалдың алдын алуға міндеттенеді.
5. Дербес деректерді қорғау	ERG өз қызметкерлерінің және үшінші тұлғалардың жеке деректерін қорғайды.
6. Құпия ақпаратты қорғау	Қызметкерлер ERG-дің құпия ақпаратын қорғауға міндетті. АТ-жүйелерін тек ERG қызметін жүзеге асыру мақсатында ғана пайдалану қажет.
7. Сыйлықтар және қонақжайлылық	Қызметкерлер заңсыз немесе орынсыз сыйлықтарды немесе қонақжайлылықты көрсетуді ұсынбауы немесе қабылдамауы қажет.
8. Мүдделер қақтығысы	Қызметкерлер ERG мүддесіне қайшы немесе ERG мүддесіне бәсекелесетін қызметке қатыспауы қажет.
9. Есеп жүргізу және есеп беру	Коммерциялық операциялар тиісті түрде келісілген және құжаттандырылған болуы керек; тиісті есеп жүргізілу керек.
10. Парақорлыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	ERG парақорлық пен сыбайлас жемқорлықтың ешбір түрін қабылдамайды.
11. Бәсекелестік	ERG өзінің қызметін бәсекелестікті қорғау туралы қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүзеге асыру қажет.
12. Халықаралық сауда, экспортты бақылау, қаржы және саяси санкциялар	ERG қолданыстағы халықаралық сауда заңнамасын және экспорттық бақылауды сақтауға міндетті.
13. Контрагенттермен өзара әрекеттесу және күдікті операциялар жөнінде хабарлау	Коммерциялық операциялар заңды, ал контрагенттер тиісті түрде анықталуы қажет.
14. Жарналарды іске асыру (саяси және саяси емес мақсаттарда)	Саяси мақсаттағы кез келген жарналарға тыйым салынады. Компания саяси емес мақсаттарға жарналарды немесе жанашырлық жәрдем етулерді іске асыру үшін ішкі саясаттардың ережелеріне сәйкес рұқсат алу керек.
15. Бұзушылықтар туралы хабарлама	Қызметкерлер заңдардың, Кодекс ережелерінің, Компанияның саясаты мен рәсімдерінің сақталмауына қатысты мәселелер мен бұзушылықтар туралы хабарлауға міндетті.
16. Талаптарды сақтамау және ерекшеліктер	Заңнама, Кодекс ережелерін немесе Компанияның саясаттары мен рәсімдерін сақтамаған қызметкерлерге тәртіптік шаралар және жұмыстан босатуға дейінгі жазалар қолданылуы мүмкін.

*\* Данный текст является переводом и в случае каких-либо разногласий в толкованиях, превагирует русская и/или английская версии документа.*

**«1»**

**Негізге алынатын қағидаттар**

Компанияның басшылары, қызметкерлері және агенттері Компанияның ең жақсы мүдделерінде адал әрекет етулері қажет, және өз міндеттерін орындау кезінде естілікті көрсету керек. Сонымен бірге, жоғары этикалық стандарттарды ұстанып, заңнама талаптарын сақтаулары қажет.

**«2»**

**Заңдарды, қағидалар мен нормаларды сақтау**

ERG өз қызметін дүниежүзінің әр елінде жүзеге асырады, тиісінше, оның қызметі әртүрлі мемлекеттердің заңнамасымен реттеледі.

Компанияның саясаты өзінің қызметі жүзеге асырылатын елдердің барлық қолданыстағы заңдарын және нормаларын сақтауды көздейді.

Кейбір жағдайларда екі немесе одан да көп елдердің қолданыстағы заңнамасы арасында қайшылықтар туындау мүмкін. Мұндай жағдайларда қызметкер мұндай қайшылықтарды шешуге қатысты ұсынымдар ұсынатын Компанияның заң кеңесшісіне жүгінуге міндетті.

Қызметкерлер міндетті:

- олардың жұмыстарына, сондай-ақ жеке бастарына немесе ERG-ге қатысы бар заңнаманы, Кодекс ережелерін, Компанияның саясаттары мен рәсімдерін түсінуге және сақтауға;
- өз жұмысында нақты заңды, Кодекс ережелерін, Компанияның саясаттары мен рәсімдерін қалай қолдануға қатысты күмән келтірген кезде заң кеңесшісінен немесе комплаенс жөніндегі маманнан кеңес алуға;
- әр түрлі елдердің заңнамалары арасында қайшылықтар орын алған немесе заңмен бекітілген жеке міндеттемелер Компанияның міндеттемелеріне қайшы келген жағдайларда заң кеңесшісінен немесе комплаенс жөніндегі маманнан кеңес алуға.

**«3»**

**Қызметке алу кезінде кемсітушіліктің болмауы**

ERG еңбек қатынастарына қатысты барлық мәселелер бойынша қызметкерлерге әділ және бейтарап қарауға және өзінің қызметі жүзеге асырылатын барлық елдерде еңбек құқығының қолданылатын нормаларын сақтауға ұмтылады.

Сонымен қатар, ERG кәсіподақтарға бірігу еркіне, жеке өміріне қол сұқпауға, ұжымдық шарттарға қатысу құқығын тануға, мәжбүрлеп, міндеттеп, бала еңбегін пайдалануға тыйым салуға және еңбек қатынастары шеңберінде кез келген заңсыз кемсітушілікке тыйым салуға қатысты заңдарды сақтауға ұмтылады.

ERG қызметкерлерге қысымшылық жасауға жол берілмейтін жұмыс жағдайларымен қамтамасыз етеді, оған нәсілі, діні, жынысы (мысалы, жүктілікке байланысты), сексуалдық бағыты, мүгедектігі және с.с. үшін қысымшылықты қосқанда.

Қызметкерлер міндетті:

*\* Данный текст является переводом и в случае каких-либо разногласий в толкованиях, превагирует русская и/или английская версии документа.*

- еңбек қатынастары саласындағы қолданылатын нормативтік-құқықтық актілердің барлық ережелерін сақтауға;

- жұмысқа қабылдауға, оқытуға, қызмет бабында жоғарылауға, тәртіптік шараларға, бағалауға, сыйақыға, босатуға және жұмысқа орналастырудың өзге шарттарына (мысалы, кеңсе орындары, мансабы өсу мүмкіндігі, көшу) қатысты шешімдер нәсілінен, түсінен, дінінен, ұлтынан, жынысынан, сексуалдық бағытынан, жасынан, мүгедектігінен, ардагер мәртебесінен немесе заңмен қорғалатын басқа да сипаттамалардан тәуелсіз, қызметкердің абыройы мен біліктілігін және оған талап етілетін қызметтік талаптарды ескере отырып қабылдануын бақылауға;

- барлық қызметкерлерге, жеткізушілерге және үшінші тұлғаларға құрметпен қарауға. Басқа адамдардың абыройын қорламауға және қысымшылық етпеуге;

- кез келген қысымшылықтар мен кемсітушіліктер туралы тікелей басшыға немесе кадрлар бөлімінің жергілікті өкіліне хабарлауға;

13 беттің 4 беті

- орынсыз әзілдер немесе мінеп-сынаулардан және қорлайтын материалдар мен бейнелерді көрсетуден аулақ болу; сондай-ақ

- Компания басшылығынан және заң кеңесшісінен Кодекс талаптарының сол және өзге де елдің заңнама ережелеріне, осы елдің әдет-ғұрпына немесе тәжірибесіне қайшы келген жағдайларда, әрекеттердің қандай тәртібі орынды болуына қатысты кеңес алуға.

#### «4»

### Еңбекті қорғау, өнеркәсіп қауіпсіздігі және экология

ERG өзінің қызметкерлері, мердігерлері, жеткізушілері және басқа да үшінші тұлғаларының денсаулықтары үшін еңбек жағдайларын қауіпсіз, сенімді және қолайлылығын қамтамасыз етуге ұмтылады, сондай-ақ өзінің қызметі жүзеге асырылатын өңірлердегі тұрғындарға және қоршаған ортаға теріс ықпалдың мүмкін болғанынша алдын алуға ұмтылады. Компания ERG-ге қолданылатын табиғат қорғау заңнамасының талаптарын сақтайды.

Қызметкерлер міндетті:

- барлық тиісті заңдар мен нормаларды, сондай-ақ, Компанияның еңбекті қорғау, өнеркәсіп қауіпсіздігі және экология саласындағы ішкі саясаттары мен рәсімдерін сақтауға;

- ERG-дің есірткі және алкоголь саласындағы жаһандық саясатымен танысуға<sup>1</sup>; және оның ережелерін сақтауға; жұмыс орнында ешқашан алкогольды немесе есірткілік мас күйінде болмауға. Егер қызметкер жұмыс орнында алкогольды немесе есірткілік мас күйінде болған жағдайда, ERG қызметкерді дереу жұмыстан босатуға құқығы бар.

- қажет болған жағдайда ERG ұсынған барлық арнайы қорғаныш киімдерін және қорғаныш құралдарын пайдалануға, және өндіруші мен ERG-дің оларды пайдалану туралы нұсқаулықтарын қолдануға;

- құрал-жабдықты ақылмен, қауіпсіздік техникасын және өндірушілер мен басшылықтың нұсқауларын сақтай отырып басқаруға;

- дайындықтың талап етілетін деңгейінің болмауы немесе мұны қызметкердің денсаулық жағдайы мүмкіндік бермеген немесе шоғырланудың қажетті деңгейі болмаған кезде, денсаулыққа және қауіпсіздікке немесе қоршаған ортаға қауіп тудыратын міндеттерді орындамауға;

- денсаулық, қауіпсіздік немесе қоршаған орта үшін қауіп тудыратын кез келген жағдай жөнінде басшылыққа дереу хабарлауға; сондай-ақ

- қалдықтар және қауіпті материалдармен заңнаманың және өндірушінің талаптарына және ішкі талаптарға сәйкес жұмыс жасауға.

*\* Данный текст является переводом и в случае каких-либо разногласий в толкованиях, превагирует русская и/или английская версии документа.*

---

ENRC-дің есірткі және алкоголь саласындағы жанандық саясаты өзгеріссіз өз күшінде қалады<sup>1</sup>

13 беттің 5 беті

## «5»

### Дербес деректерді қорғау

ERG компаниясында сақтаулы тұрған қызметкерлер мен үшінші тұлғалардан алынған жеке ақпарат қолданылатын нормативтік-құқықтық актілер ережелеріне, сондай-ақ Компанияның саясаттары мен рәсімдеріне сәйкес, рұқсат берілмеген қол жетімділіктен және ашылудан, ұрлық пен бүлінуден қорғалу қажет.

ERG қызметкерлерінің және үшінші тұлғалардың жеке деректері тиісті түрде сақталып, қорғалу қажет. ERG компаниясы мен оның қызметкерлері қандай да бір тұлғаларға немесе ұйымдарға деректерді қорғау туралы қолданылатын заңнаманың қандай да бір ережелерін бұзуда, жеке деректерді ашып көрсетпеулері керек. Ақпаратты ашуға рұқсаттың болуы не болмауына және оны кімге ұсынуға болатынына қатысты күмән келтірген жағдайда компанияның заң кеңесшісіне немесе комплаенс жөніндегі маманға жүгіну қажет.

Қызметкерлер міндетті:

- деректерді қорғау және жеке өміріне қол сұқпау туралы қолданылатын барлық нормативтік-құқықтық актілердің талаптарын, сондай-ақ дербес деректерді қорғау туралы Саясаты сияқты, Компанияның ішкі саясаттары мен рәсімдерінің ережелерін сақтауға;
- ERG қызметкерлерінің немесе үшінші тұлғалардың дербес деректерін деректерді қорғау туралы заңнаманың қолданылатын барлық талаптарына және этикалық нормаларына сәйкес тиіссіз немесе санкцияланбаған пайдаланудан немесе ашып көрсетуден қорғауға;
- дербес ақпаратты, мұндай ақпараттарға қол жетімділік алуға уәкілетті немесе оған заң не сот өкімі бойынша құқығы бар тұлғаларға және үшінші тараптарға ғана ашып көрсетуге.

Компания қызметкерлердің жеке өмірлеріне қол сұқпаушылықты қорғауға ұмтылады; дегенмен, бұған қолданылатын заңнамамен және ішкі саясаттар және рәсімдермен жол берілетін жағдайларда, қолданылатын заңнамамен және ішкі саясаттар мен рәсімдерге сәйкес, ол өзіне Компанияның меншігін пайдалануға бақылау құқығын қалдырады (мысалы, компьютерлер, электронды пошта, телефондар, Компанияның меншігі болып табылатын құпия ақпараттар және с.с.).

## «6»

### Құпия ақпаратты қорғау

ERG-дің құпия ақпараты мына ақпаратты қамтиды:

- (a) сипаты жағынан құпия болып табылатын немесе қол жетімді болып табылмайтын; немесе
- (b) ERG компаниясымен құпия деп белгіленген;

*\* Данный текст является переводом и в случае каких-либо разногласий в толкованиях, превагирует русская и/или английская версии документа.*

(с) сатуларға, ақшалай түсімдерге, бухгалтерлік баланс баптарына, кірістер және шығыстар туралы есептіліктерге қатысты, қызмет болжамдары және қаржы ақпараты сияқты техникалық, әкімшілік, экономикалық, қаржылық, коммерциялық немесе заңды сипаттағы;

(d) оған ERG-дің немесе оның еншілес кәсіпорындарының қандай да бір зияткерлік меншік құқықтары жататын немесе оған таратылатын; сондай-ақ

(e) ERG-дің және оның еншілес кәсіпорындарының қызметі мен операцияларына жататын, оған бизнес-жоспарларды, кәсіпкерлік қызмет стратегияларын немесе қайта құрылымдау стратегияларын қосқанда.

Сипаты құпия ақпарат болғандықтан, Компания қызметкерлері оны тек өздерінің міндеттерін орындау үшін ғана пайдалана алады. Үшінші тұлғаларға бұл ақпарат олардың ERG-мен ынтымақтасуына байланысты қажет болған немесе бұл ақпарат қол жетімді болған немесе оның ашылуы заң не сот өкімі бойынша талап етілген жағдайларда ғана, берілген ақпаратты үшінші тұлғаларға ашуға рұқсат беріледі.

Құпия ақпаратты ашуға рұқсаттың болуы не болмауына және оны кімге ұсынуға болатынына қатысты күмән келтірген жағдайда компанияның заң кеңесшісіне немесе комплаенс жөніндегі маманға жүгіну қажет.

Компанияның атынан ресми мәлімдемелерді тек уәкілетті тұлғалар ғана жасай алады.

ERG-дің ақпараттық технологиялар жүйесін тек ERG қызметін жүзеге асыру мақсатында ғана пайдалану қажет; сонымен бірге, олардың пайдалануына жауапкершілікпен қарау керек.

13 беттің 6 беті

Қызметкерлер міндетті:

- Компаниядан тыс жерде, Компаниядағы жұмысы уақытысында немесе жұмыс аяқталған соң, құпия ақпаратты немесе осал/коммерциялық ақпаратты аспауға;
- мақсаттылығына қарай, Үшінші тұлғалардан құпия ақпаратты жарияламау туралы келісімге қол қоюды талап етуге, егер бұл тұлғаларға құпия немесе өзге осал ақпарат ұсынылса;
- құпия ақпаратты сақтау, табыстау және өңдеу барысында сақтық көрсету. Құпия ақпарат сенімді және қорғалған орындарда сақталуы тиіс; ұрлануы, зақымдалуы мүмкін, немесе уәкілетті емес тұлғаларға қол жетімді болатын орындарда қалдырмауға (мысалы, қызметкердің автокөлігінде);
- құпия ақпаратты қоғамдық орындарда талқылаудан және құпия ақпаратты оның мазмұны басқаларға естілетін немесе көрінетін жерде қараудан аулақ болуға;
- ERG-дің ақпараттық технологиялар жүйесін пайдалану барысында жазбаша хабарламаларды талдауға. Мысалы, электронды хабарламаны жібермес бұрын, қызметкерлер егер оны газетте немесе сотта жариялаған жағдайда, бұл оларға ыңғайсыздық келтірмес пе екен, деген ойға берілулері керек;
- ақпараттық технологиялар жүйесін жергілікті заңнамаға және жұмыс орында қалыптасқан мінез-құлық тәртібіне сәйкес жұмыс мақсатында ақылмен пайдалануға;
- ERG жүйесінің тұтастығын қорғау мақсатында құпиясөздерді пайдалануға (және оларды үнемі ауыстырып отыруға);
- ERG-дің компьютерлік желілеріне вирустарды кіргізбеуге;
- ERG-ға тиесілі емес аппараттық қамтамасыз етулерді қоспауға, тиісті рұқсатсыз ERG жүйелеріне қандай да бір бағдарламалық қамтамасыз етулерді жүктемеуге;
- бағдарламалық қамтамасыз етуге лицензиялық келісімдерді және зияткерлік меншік құқықтарын бұзбауға.

Ақпараттың сипатына немесе оны ашу тәртібіне қатысты күмән келтірген жағдайда Компанияның заң кеңесшісіне немесе комплаенс жөніндегі маманға жүгіну қажет.

«7»

#### Сыйлықтар және қонақжайлылық

Компанияның барлық басшылары мен қызметкерлері ERG-дің сыйлықтар және мәдени ойын-сауық іс-шаралар ұсыну Саясатының талаптарын сақтауға міндетті. Компанияның сыйлықтар және мәдени ойын-сауық

*\* Данный текст является переводом и в случае каких-либо разногласий в толкованиях, превагирует русская и/или английская версии документа.*

іс-шаралар ұсыну Саясатының талаптарын сақтай отырып, Сыйлықтар ұсынуға немесе оларды үшінші тұлғалардан алуға, сондай-ақ қонақжайлылықты пайдалануға және қонақжайлылық көрсетуге болады.

Қызметкерлер міндетті:

- Компанияның сыйлықтар және мәдени ойын-сауық іс-шаралар ұсыну Саясатының талаптарын сақтауға;
- белгіленген шектерден тәуелсіз, қолданылатын саясаттардың ережелеріне сәйкес, оған ERG-дің парақорлыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Саясатын қосқанда, орынсыз немесе негізсіз болып көрінетін қандай да бір сыйлықтар немесе қонақжайлылықтарды қабылдамауға;
- жеткізушілерден, клиенттерден немесе кез келген басқа тұлғалардан сыйлықтар ұсынуды талап етпеуге. Жеткізуші немесе мердігер сыйлықтар не қонақжайлылықты ұсынған жағдайда, қызметкер өзінің тікелей бастығына немесе комплаенс жөніндегі маманға жүгінуі керек;
- қандай да бір тұлғаға ешқашан сыйлықтар ұсынбауға және сыйламауға және қонақжайлылық көрсетпеуге, бұл алушыға қандай да бір міндеттердің өзіне жүктелген сезімін қалдыру мүмкін; ERG-дің іскерлік басымдықтарын алу немесе сақтау мақсатында біреуді өзінің міндеттерін тиіссіз орындауға итермелемеуге.

## «8»

### Мүдделер қақтығысы

Компанияның басшылары мен қызметкерлері ERG мүдделерін әрдайым барынша ескере отырып әрекет етуге міндетті және Компанияның активтері мақсаты бойынша пайдаланбайтын, немесе оларды жеке пайдасына алу үшін пайдаланатын шеңбердегі мәмілелер мен қызметтерге қатыспаулары қажет.

13 беттің 7 беті

Компания ERG қызметкерлерінің Компаниямен еңбек қатынастары шеңберінен тыс заңды қаржылық, коммерциялық және өзге қызметке қатысу құқықтарын мойындайды. Алайда мұндай қызмет заңды болу тиіс және міндеттерге ERG қызметкерлері ретінде қайшы келмеу керек.

Компанияның басшылары мен қызметкерлері міндетті:

- байланысты тараптармен шарттарға қатысты Саясатының және мүдделер қақтығысын болдырмау Саясатының талаптарын сақтауға;
- мүдделер қақтығысын болдырмау Саясатымен рұқсат берілген жағдайлардан бөлек, Компанияның активтерін мақсаты бойынша пайдаланбайтын немесе жеке пайдасы немесе өзінің туыстары мен серіктестерінің пайдасы үшін пайдаланбауға;
- жұмыс уақытысында қосымша жұмыс атқармауға және өзінің меншікті кәсіпорынын басқармауға, егер ол іс-жүзінде және ықтимал мүдделер қақтығысына әкеліп соқтыратын болса;
- өзінің қызмет бабын теріс пайдаланбауға және ERG құпия ақпаратын жеке пайдасы не өзінің туыстары немесе серіктестерінің пайдасы үшін пайдаланбауға;
- Компаниямен ықтымақтасатын немесе Компанияның бәсекелестері болып табылатын үшінші тұлғалардың пайдасына алдын ала келісімінсіз, жұмыстар орындамауға және өзге қызметтер көрсетпеуге, коммерциялық қызметке қатыспауға;
- өзінің қызмет бабын қандай да бір туысын жұмысқа орналастыру үшін, ерекше жағдайлардан бөлек және қолданыстағы жұмысқа қабылдау үдерісі шеңберінде пайдаланбауға,
- сыйлықтар және мәдени ойын-сауық іс-шаралар ұсыну Саясатының талаптарын сақтауға және үшінші тараптардан қандай да бір пайда алу мүдделер қақтығысының туындауына әкеліп соқтыратын іс-әрекет ретінде бағаланбауын қадағалау;
- кез келген іс-жүзіндегі және ықтимал мүдделер қақтығысы туралы өзінің тікелей бастығына дереу хабарлауға және қажет болғанда мүдделер қақтығысы жағдайында бола тұра белсенді қатысудан бас тарту туралы шешімдер қабылдауға және қандай да бір мәмілеге, шартқа, іс-әрекеттер жасамауға, пікір айтуға қорытындыға келмеуге және, мұндай қызметке немесе мәмілеге ықпал етпеуге;

*\* Данный текст является переводом и в случае каких-либо разногласий в толкованиях, превагирует русская и/или английская версии документа.*



- қызметкерлер бос уақытта өз аттарынан коммерциялық емес жергілікті қоғамдық ұйымдардың, мемлекеттік, білім беру, діни және азаматтық мекемелердің қызметтеріне қатысуға, сондай-ақ, директорлар кеңесі мүшелері немесе лауазымды тұлғалар ретінде қызметті жүзеге асыруға немесе жұмыс істеуге құқықтары бар, егер мұндай қатысу немесе жұмыс оларға ERG қызметкерлері ретінде өз міндеттерін орындауға кедергі жасамаса және сонымен бірге, қызметкер Компанияның атынан әрекет ететін немесе оның мүдделерін білдіретін ой қалдырмаса.

## «9»

### Есеп жүргізу, есеп құжаттамасы және есептілік

ERG-дің бухгалтерлік есептілігін, сондай-ақ ішкі және сыртқы есептіліктің дұрыстығы акционерлер, Директорлар Кеңесі, Компания басшылығы және басқа да мүдделі тараптар үшін қажетті құрамдас бөлік болып табылады.

ERG Компанияның саясаты мен нормативтік-құқықтық актілер талаптарына сәйкестілікті қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ Компанияның активтерін қорғау және оларды тиіссіз түрде пайдалануға жол бермеу мақсатында ішкі бақылау жүйесін қолданылады. Бұдан бөлек, ERG Компанияның мәмілелері/шығындарының және өзге қызметінің тиісті түрде санкциялануын қадағалайды.

ERG-дің барлық мәмілелері тиісті түрде мақұлданған, дұрыс, дәлме-дәл және уақытылы құжаттандырылған болу тиіс.

Барлық қызметкерлер міндетті:

- өкілеттілігі сәйкесті деңгейдегі тұлға атынан мәмілені іске асыру үшін рұқсат алуға;
- Компанияның барлық материалдық, қаржылық, ақпараттық және өзге активтерінің сақталуын қамтамасыз етуге;

13 беттің 8 беті

Бухгалтерлік есептіліктің жүргізілуіне қатысатын қызметкерлер мыналарға міндетті:

- Компанияның Есеп саясаты мен рәсімдерінің ережелерін, сондай-ақ бюджеттеудің және коммерциялық шығыстар есебінің бухгалтерлік және қаржылық есеп операциясы саласындағы барлық сәйкесті есеп қағидаттарын, стандарттарды, заңдар мен нормаларды сақтауға;
- ERG-дің барлық операцияларын көрсететін және растайтын толық, уақытылы және дәлме-дәл құжаттаманы, бухгалтерлік және басқарушылық есепті, босалқы қорлар есебін, операциялар есебін және басқа құжаттама есебін жүргізуге;
- ERG-дің есеп құжаттамасында және есептіліктерінде қате немесе жаңылыстыратын деректердің болуына әкеліп соқтыратын қандай да бір іс-әрекеттер жасаудан бас тартуға;
- Компанияның есептілігінде жалған немесе күмәнді ақпараттың қамтылмауын қадағалауға;
- үшінші тұлғалармен жасалған барлық мәмілелерді дәлме-дәл және тиісті түрде көрсететін, растайтын құжаттарды ұсынумен, барлық кірістер мен шығындар туралы деректер есебін шекті дәлдігімен және толығымен дайындауға және жүргізуге;
- есеп құжаттарына өзгерістер енгізбеуге және тиісті рұқсатсыз жоймауға және тиісті заңнаманы, Компанияның саясаты мен рәсімдерін, соның ішінде Компанияның құжаттарды сақтау Саясатын сақтауға;
- Компанияның бухгалтерлік және есеп құжаттарын немесе есептілігін бұрмаламауға және жеке шығындар туралы дәйексіз есептерді немесе іскерлік емес жеке шығындарды өтеу үшін өтінімдер ұсынбауға;
- үшінші тұлғалармен мәмілелерді іске асыруға немесе оларды жасыру үшін әрекет ету мақсатында, ресми есептілікке кіргізбестен, Компанияның есептері мен төлемдерінің «бейресми» жазбасын жүргізбеуге (тиіссіз болып табылмауынан тәуелсіз);
- басшылыққа уақытылы және әділетті болжамдар мен бағаларды ұсынуға;
- есеп жүргізу мен есептілікті уақытылы, дәлме-дәл және толық жүргізілуін қамтамасыз етуге, сондай-ақ тиісті саясаттар мен рәсімдер талаптарына сәйкес және стандарттарға сәйкес келудің тиісті деңгейін

*\* Данный текст является переводом и в случае каких-либо разногласий в толкованиях, превагирует русская и/или английская версии документа.*

қамтамасыз ете отырып, Компания активтерінің сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған бақылау құралдарын қолдануға;

- Компания заң кеңесшісінің нұсқауларына сәйкес ағымдағы немесе дәлелді болжамдалатын сот талқылауларына, аудиторлық тексерістерге немесе тергеулерге жататын құжаттар мен есеп деректерін сақтауға.

## «10»

### **Парақорлыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл**

ERG парақорлық пен сыбайлас жемқорлықтың ешқандай түрін қабылдамайды, парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қатыспайды және олардың орын алуына жол бермейді. Компанияның саясатымен кез келген тұлғаға, клиентке, компанияға, мемлекеттік органға немесе мемлекеттік шенеунікке немесе олардың өкілдеріне пара ұсынуға немесе беруге, олардан кез келген түрде және кез келген мақсатта, тікелей немесе үшінші тұлғалар арқылы пара алуға немесе талап етуге тыйым салынады.

Барлық тиісті жағдайларда қызметкерлер ERG компаниясына парақорлық пен сыбайлас жемқорлық жат екенін нақты ұғындырулары керек.

Қызметкерлер міндетті:

- Компанияның парақорлыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Саясатын, Компанияның қызметі жүзеге асырылатын елдердегі парақорлыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша барлық қолданылатын заңнама талаптарын сақтауға;
- белгілі жағдайларда өзін қалай ұстауға қатысты толық нұсқаулар жазылған, сыйлықтар ұсыну және мәдени ойын-сауық іс-шаралар өткізу Саясатын сақтауға;
- агенттермен корпоративтік нормалар мен ережелердің сақталуын қамтамасыз ету Саясатын сақтауға;
- тиіссіз төлемдерге/пайдаларға қатысты кез келген бұзушылықтар туралы немесе парақорлыққа және сыбайлас жемқорлыққа қатысты күдіктер жөнінде өзінің бастығына, Топтың Бас заң кеңесшісіне немесе комплаенс бөлімі бастығына немесе бұзушылықтар туралы хабарландыру үшін Жедел желіге хабарлауға және әрі қарай нұсқаулар алу үшін жүгінуге. Кодекстің 15 тарауын қараңыз.

13 беттің 9 беті

## «11»

### **Бәсекелестік**

ERG өзінің коммерциялық мақсаттарына қол жеткізудегі ұмтылысында, бәсекелестікке адал, және тиісті монополияға қарсы заңдар мен нормалардың, сондай-ақ өзінің қызметін жүзеге асыратын елдерде әрекет ететін бәсекелестікті қорғау саласындағы заңдар мен нормалардың талаптарын сақтай отырып қатысады.

Қызметкерлер міндетті:

- бәсекелестікті қорғау туралы заңнамаға және монополияға қарсы заңнамаға, қолданыстағы монополияға қарсы заңдар мен нормаларға, сондай-ақ бәсекелестікті қорғау саласындағы заңдар мен нормаларға сәйкестілікті қамтамасыз ету Саясатының талаптарын сақтауға;
- заң кеңесшінің немесе (халықаралық немесе ұлт үсті мәселелер жағдайында) Топтың Бас кеңесшісінің рұқсатынсыз монополияға қарсы органдармен ешқандай талқылауларға қатыспауға;
- қандай да бір бәсекелестермен баға белгілеу туралы (несиелік шарттар және сату шарттар туралы ақпарат сияқты, коммерциялық осал ақпарат ұсынуды немесе келісімдеуді қосқанда), баға ұсыну немесе маркетингтік қимылдар, өткізу аумақтары, жеткізушілермен немесе клиенттермен өзара әрекеттесу, нарықты бөлу (клиенттер немесе аумақтарды үлестіруді қосқанда), өнімдер немесе қызметтерді сатып алу бойынша

*\* Данный текст является переводом и в случае каких-либо разногласий в толкованиях, превагирует русская и/или английская версии документа.*

эсклюзивті міндеттемелер туралы (анық нысандағы немесе ұйғарынды) шарттар немесе келісімдер жасамауға және ұсынбауға;

- белгіленген шартты серіктестер болып табылмайтын сыртқы тараптармен баға ұсынуды, тендерге қатысуды, баға белгілеуді, клиенттер мен жеткізушілер туралы толық деректерді немесе маркетинг және өндіріс саласындағы мақсаттарды талқыламас бұрын, күмән болған кезде, заң кеңесшімен немесе комплаенс жөніндегі маманмен үнемі кеңес алуға және ұсынымдар алу үшін жүгіну қажет.

## «12»

### Халықаралық сауда, экспортты бақылау, қаржы және саяси санкциялар

ERG экспортты бақылау бойынша қолданылатын халықаралық сауда заңнамасын және санкцияларға қатысты (қаржылық, саяси және басқа) барлық қолданылатын заңдар мен ережелерді сақтауға міндетті. ERG қолданыстағы санкцияларды толығымен сақтайды және санкцияларға қатысты, коммерциялық мәмілелер қолданылатын заңдар мен ережелерді бұзу болып табылған жағдайларда жеке немесе заңды тұлғалармен қызметті жүзеге асырмайды.

Қызметкерлер міндетті:

- сауда және экспорттық бақылау саласындағы барлық қолданылатын заңдар мен нормаларды сақтауға және ескеруге;
- ERG Саясатында халықаралық экономикалық санкцияларды сақтауды қамтамасыз ету бойынша жазылған ережелерді, сондай-ақ ERG-мен қабылданған барлық өзге қолданылатын қосымша стандарттарды, саясаттар мен рәсімдерді сақтауға;
- қаржылық немесе экономикалық санкциялар ықпалына іліккен жеке немесе заңды тұлғалармен шарттар жасамауға, тауарлар табыстамауға және төлемдер жүргізбеуге және санкцияларға қатысты, коммерциялық мәмілелер қолданылатын заңдар мен ережелерді бұзу болып табылған жағдайларда, мұндай тұлғалардан тауарлар немесе төлемдер қабылдамауға;
- берілген тұлға немесе компания қандай да бір сәйкесті санкциялар субъектілеріне немесе шектеу қойылған тұлғалар/ұйымдар тізбелеріне енгізілмегеніне көз жеткізу үшін, кез келген болжалды Контрагентке тиісті тексеру жүргізуді қамтамасыз етуге;
- өнімнің шығарылған жері немесе түпкілікті пайдаланушы туралы ақпаратты жасырмауға;
- импортталатын және экспортталатын тауарлар мен қызметтер, оған сату көлемдері, тиеп жөнелтулер мен төлемдер туралы деректерді қосқанда дәлме-дәл есебін қамтамасыз етуге.

13 беттің 10 беті

## «13»

### Контрагенттермен өзара әрекеттесу және күдікті операциялар жөнінде хабарлау

ERG-дің барлық мәмілелері, соның ішінде клиенттермен, жеткізушілермен, агенттермен, делдалдармен кез келген өзге үшінші тұлғалармен (бұдан әрі – «Контрагенттер») заңды болу қажет. ERG Компанияның кіммен ынтымақсатыны жайлы білу үшін, әр мәміле бойынша барлық Контрагенттерді анықтауға ұмтылуы керек.

Қызметкерлер міндетті:

- олармен ынтымақтасуды бастаудан бұрын, Контрагенттермен нормативтік талаптардың сақталмау тәуекелдерімен осыған байланысты мәселелерді ERG рәсімдеріне сәйкес контрагенттерге кешенді тексеру жүргізу жолымен айқындауға (Контрагенттерді кешенді тексеру бойынша нұсқау);
- Контрагенттер туралы, олардың шынайы сипаты және болмысы туралы, оған иеліктің қомақты үлесі бар меншік иесі, бенефициарлық меншік иесі және жеке акционерлер туралы ақпаратын қосқанда, түсінік болу үшін жеткілікті ақпарат алуға;

*\* Данный текст является переводом и в случае каких-либо разногласий в толкованиях, превагирует русская и/или английская версии документа.*

- Компанияға ықпал етуі мүмкін қаржылық, саяси санкцияларды, бедел тәуекелдері мен басқа да тәуекелдерді ескеру керек; олармен ұсынылатын, қаралатын немесе бекітілетін шарттардың Компания саясаттарының ережелеріне, сонымен бірге, парақорлыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Саясатына, халықаралық экономикалық санкцияларды сақтауды қамтамасыз ету Саясатына, ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимыл Саясатына, агенттермен корпоративтік нормалар мен ережелердің сақталуын қамтамасыз ету Саясатына, монополияға қарсы заңнамаға және бәсекелестікті қорғау туралы заңнамаға сәйкестілігін қамтамасыз ету Саясатына сәйкестілігін қамтамасыз етуге;

- іскерлік қатынастарды Компанияның нақты рұқсатымен ғана бастауға;
- Контрагенттерге төлемдерді тек өз аттарына ғана, тауарлар мен қызметтер ұсынылған елде немесе Контрагенттің заңды мекенжайы немесе негізгі орналасқан жеріне іске асыруға;
- осы Кодекстің ережелеріне қайшы келетін қандай да бір іскерлік қатынастарды бастауға, және Контрагентпен шынайы қарым-қатынас сипатын жасырмауға;
- қолданылатын заңнаманың немесе Кодекс ережелерінің немесе Компания Саясаттарының бұзулуына күдік келтіретін нақты немесе тікелей операцияларды айқындау, және олар жөнінде хабарлауға.

#### «14»

### **ERG компаниясымен жарналарды іске асыру (саяси және саяси емес мақсаттарға)**

Компания өз қызметкерлерінің саяси қызметке қатысу құқықтарын қолдайды және сақтайды. Алайда қызметкерлер мұндай қызметпен жұмыс уақытысында немесе Компанияның ресурстарын пайдалана отырып айналыспаулары қажет; бұдан бөлек, бұл қызмет қызметкердің жұмыс көрсеткіштеріне теріс ықпал етпеуі керек.

Қандай да бір саяси партияға кірген қызметкер мұндай қызмет Компанияның атынан емес және онымен байланысты емес, керісінше тек қана өз атынан іске асырылатынын анық жариялауы керек.

Қызметкерлердің саяси мақсаттарға жұмсаған жеке жарналары өтелмейді.

ERG саяси мақсаттарға ERG Директорлар Кеңесімен келісілген ерекше жағдайлардан бөлек, тікелей немесе жанама түрде жарналарды іске асырмайды. Саяси мақсаттарға кез келген жарналардың іске асырылуы ERG-дің ішкі нормативтік құжаттарының және қолданылатын заңнама ережелеріне сәйкес келісімделуі қажет.

Саяси емес мақсаттарға немесе қайырымдылық қорларға жанашырлық жәрдем етулер, немесе әлеуметтік бағдарламаларға жарналар тек Компанияның саясаттарына сәйкес жүзеге асырылуы мүмкін.

Қызметкерлер міндетті:

- біреуді саяси мақсаттарға жарналарды жүзеге асыруға итермелеу үшін немесе қандай да бір саяси партияларға немесе саясаткерлерге қолдау көрсету үшін өзінің ERG-дағы лауазымдық қызметін теріс пайдаланбауға;

13 беттің 11 беті

- ERG мүлігін пайдаланбауға, сондай-ақ оны саяси мақсаттарда пайдалануға ұсынбауға және рұқсат бермеуге, Компания мұндай пайдалануды тиісті түрде санкциялаған жағдайлардан бөлек;

- олармен білдіретін кез келген саяси пікірлер Компанияның пікірі емес, керісінше өздерінің жеке пікірлері екенін анық және нақты айтып аңғартуға; сондай-ақ

- Компаниямен жүзеге асырылатын кез келген қайырымдылық немесе әлеуметтік жарналар немесе жанашырлық жәрдем етулерді Компаниямен келісімдеуге.

#### «15»

### **Бұзушылықтар туралы хабарлама**

ERG қызметкерлерінде басқа қызметкермен немесе іскер серіктеспен осы Кодекстің ережелері бұзылуы жөнінде қауіп не күдік пайда болған жағдайда, бұл жөнінде бұл мәселені тексеретін және қажетті

*\* Данный текст является переводом и в случае каких-либо разногласий в толкованиях, превагирует русская и/или английская версии документа.*

шаралар қолданатын өзінің тікелей басшысына, жоғары деңгейлі басшыға, комплаенс жөніндегі маманға немесе заң кеңесшіге хабарлау керек.

Қажет болған жағдайда, барлық қызметкерлер қолданылатын заңнаманы, Кодекс ережелерін немесе Компанияның басқа саясаттарын сақтауға қатысты мәселелерге тексеріс жүргізу үшін ERG-ге толық көмек көрсетулері керек.

#### Жедел желі бойынша бұзушылықтар туралы хабарлама жасау

Егер қандай да бір себептермен, ERG қызметкері басқаларға өзінің күдіктері жайлы айта алмайтынын сезген жағдайда, бұзушылықтар туралы хабарлама жасау үшін - ERG-дің «Сен, бірақ тексер!» атты сыртқы Жедел желісін пайдалануға кеңес беріледі.

Бұзушылықтар туралы хабарланатын Жедел желі толығымен құпия болып табылады және тәуелсіз компанияның қызметкерлерімен демалыссыз және тәулік бойы қызмет көрсетіледі.

Жасырын мәлімдеме жасағысы келетін қызметкердің, тиісті тексеріс жүргізу үшін жеткілікті, жағдай туралы ақпарат беру мүмкіндігі болуы керек.

Қасақана жалған айыптар қамтитын хабарлама қалдыруға тыйым салынады. Қасақана жалған айыптар, сондай-ақ іскерлік этиканы сақтамау жағдайларын тексеруге көмек көрсетуден бас тарту, Компанияның негізін қалайтын құндылықтарға қайшы келеді және осы Кодекстің ережелерін бұзу болып табылады.

Компания осы Кодекстің ережелерін болжалды бұзу туралы адал ниетпен хабарлаған тұлғаға қарсы бағытталған кері іс-әрекеттерге жол бермейді. Мұндай іс-әрекеттер, сондай-ақ кері іс-әрекеттер қауіп-қатерлері Кодекстің ережелерін бұзушылық және тәртіптік теріс қылық деп бағаланады.

Бұзушылықтар туралы хабарлама жасау үшін Жедел желіге келесі нөмірлер мен мекенжайлар бойынша телефон немесе электронды пошта арқылы хабарласуға болады:

Бразилия, Fale Conosco	Қытай	ДРК	Қазақстан
Тел.: 0800 891 2843	Тел.: 10 800 110 1045 немесе 10 800 711 1120	Тел.: +243(0)82 302 7626	Кіру коды.: 8 - 800 121 4321 Тел: 866 605 3095
Люксембург	Мозамбик	Ресей	ОАР
Тел.: 800-2-6338	Тел.: 841199 (Vodacom)	<a href="http://www.business.att.com/bt/access.jsp?c=0">http://www.business.att.com/bt/access.jsp?c=0</a> сайтында көрсетілген алдымен кіру кодын теріңіз Тел.: 866 605 3095	Тел.: 0800 981 488
Швейцария	БАӘ	Ұлыбритания	Замбия
Тел.: 0800 83 6056	<a href="http://www.business.att.com/bt/access.jsp?c=0">http://www.business.att.com/bt/access.jsp?c=0</a> сайтында көрсетілген алдымен кіру кодын теріңіз Тел: 866 605 3095	Тел.: 0808 234 9574	Тел.: 0800-1-638 257

13 беттің 12 беті

Веб-сайт: <http://hotline.eurasianresources.lu>

Электронды поштаның мекенжайы: [compliance@eurasianresources.com](mailto:compliance@eurasianresources.com)

Бұзушылықтар туралы мәлімдеулер және мұндай мәлімдемелерді тексеру, сондай-ақ қолданған шаралар туралы одан әрі қарай хабарлау тәртібі бұзушылықтар туралы хабарлау және тексеріс жүргізу Саясатында толық жазылған.

*\* Данный текст является переводом и в случае каких-либо разногласий в толкованиях, превагирует русская и/или английская версии документа.*

## «16»

### Талаптарды сақтамау және ерекшеліктер

ERG Кодекс ережелерінің сақталмауына жете қарайды. Қызметкерлердің Кодекс шарттарын немесе Компанияның қандай да бір саясаттарын және рәсімдерін сақтамауы ауыр тәртіптік теріс қылық ретінде бағалану мүмкін, мұндай қызметкер жұмыстан босатуға дейінгі, тәртіптік жазаға тартылу мүмкін.

Егер Кодекс ережелерін сақтамау қылмыс жасауға апарып соқса, онда қызметкер қолданылатын заңға сәйкес жауапқа және қылмыстық жазаға (айыппұл немесе түрмеге қамалу түрінде) немесе азаматтық-құқықтық санкцияларға тартылу мүмкін (залалды өтеу немесе айыппұл тағайындау).

Тәртіптік жазаға әкеліп соқтыратын лайықсыз мінез-құлық мысалдары:

- Компанияның саясатын бұзу болып табылатын іс-әрекеттер;
- басқа тұлғаларды Компанияның саясатын бұзуға итермелеу;
- Компания саясатының анықталған немесе күдікті бұзушылығы туралы уақытында хабарламау;
- Компания саясатының ықтимал бұзушылықтар тексерістеріне көмек көрсетпеу;
- Кодекс ережелерінің немесе іскерлік этиканың бұзылуы туралы хабарлаған басқа қызметкерге немесе үшінші тұлғаға қарсы кері іс-әрекет.

Бұл тізім толыққанды деп есептелмейді, және оны тек мысал ретінде ғана қарастыру керек.

Осы Кодекстің қандай да бір ережелері бойынша ерекшелік орын алған жағдайларда қисынды деп танылған жағдайларға беріледі; сондай-ақ Топтың Бас заң кеңесшісінен және Топтың комплаенс жөніндегі Басшысынан алдын ала тиісті рұқсат алған жағдайларға беріледі.

Аға басшылық құрамы немесе Директорлар Кеңесінің мүшелері үшін Осы Кодекстен ерекшеліктер тек Директорлар Кеңесінің комплаенс жөніндегі Комитетімен берілуі мүмкін.

## «17»

### Аралық ережелер

ERG-дің барлық компаниялары Кодекс жарияланған күннен бастап 1 жылдан кешіктірмей, қысқа мерзімде Кодексті қабылдауға міндетті. Сол кезге дейін ENRC-дің саясаттары мен корпоративтік тәртіп Кодексі өз күшінде қалады, және ERG компаниялары мен олардың қызметкерлері олардың ережелерін сақтауды жалғастыруға міндеттенеді.